

# БАЙЕТТЕ: МАЛ БАҒУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН



## Жанар ӘБДІКӘРІМ

Әкімдердің биылғы есеп беру кездесулерінен аңғарылған жайт: жұртшылық тарапынан бір кездердегі қарша бораған сауалдар саябыр тартқан. Мұның өзі халықтың экономикалық, құқықтық және басқа тұрғыдан сауаты артып, тұрмысы жақсарғанының айғағы болса керек.

Көңілге тағы бір түйгеніміз: қазір қара басының қамын «жырлаушылар» некен-саяқ. Жұрт қозғаса, елге ортақ тақырыпты қозғайды. Және бір жылы айтылған мәселенің келер жылы қайталануы ілуде бір: халықтың талап-тілегі дер кезінде орындалуда. Мәселен, 2015 жылғы 17 қаңтарда Байетте өткен есеп беру жиынында Бүркітхан Хаддам көше шамдарын жаңарту туралы ой тастаса, іле өңірді дамы-

ту бағдарламасы аясында шамдар жаңартылып, толықтырылған.

Бұл күнде ауыл халқы мал өнімдерін ұқсатып, саудалауға өбден машықтанған. Әсіресе, сүт өнімдерін қала базарына тасымалдау Байет сияқты қалаға жақын орналасқан ауыл үшін аса қолайлы.

Ауылдық округте мал өнімдерін өндірумен 12 шаруа қожалығы және 25 жеке кәсіпкер айналысса, 3 шаруа көкөніс және бау-бақша өнімдерін өсіреді.

Байет халқының өзге ауылдарға үлгі етіп айтар бір ерекшелігі: мұнда – 6 табын, Атығайда 5 табын мал ұйымдасқан түрде бағылады. Бұл – мал ұрлығына тамаша тосқауыл. Соған қарамастан, ауылда заң шекарасынан аттаған тұрғындар табылып тұр: 2015 жылы ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі бойынша 27 адам жауапкершілікке тартылыпты. Есеп беру кезеңінде тіркелген қылмыс саны 6 болса, оның екеуі ашылмаған.

## ЖОЛШЫЛАР ЖАЛАҚЫСЫЗ ЖҮР

Екібастұз өңірінде Бозшакөл кен байыту комбинатының салынуы, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында автожолдар құрылысының басталуы Байет тұрғындарының тұрмысына да оң ықпалын тигізіп еді, өкінішке қарай, қазір жұмысшылар қауымы «тап-тамаша өн еді, пұшық айтып қор қылдыңыз» кербін киіп отырған жайы бар.

Тарқата айтсақ, 2015 жылы Бозшакөлдегі құрылыс жұмыстарына Байеттен 34 адам тартылды. Ал «Астана – Өскемен» автожолының құрылысына араласқан 75 адамның 29-ы уақытша және

маусымдық жұмыс істеді.

Тұрақты жұмыспен 46 адам қамтылғанымен, жолшылар қазір жұмыс көлемнің азаюы және қыс маусымында кей учаскелерде жұмыстың тоқтауы салдарынан ақысыз еңбек демалысына жіберілген.

Байет ауылдық округі әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесуінде жол жұмысшылары сөз сөйлеп, өткен жылдың қараша, желтоқсан айларына тиесілі жалақыларын ала алмай отырғандарын жеткізді.

- Жол бойында еңбектеніп жат-

қанымызға сегіз айдай болды. Шідерті мен екі ортадағы жолда байеттіктер ғана емес, басқа ауылдардың да азаматтары тер төгуде, соңғы екі айдың жалақысын ала алмай жүргендердің ұзын саны 70-80 болып қалар. Жалақымыздан зейнетақы шотымызға төлемдер де аударылып жүрген жоқ, - дейді Жанархан Жолбарыс. Оның сөзін Ақбас Айбек пен Сәділбақас Шерікбай да қостады. Кездесу соңында округ әкімі Докторхан Амантайдың қатысуымен жалақы жөнінде құзырлы органдарға хат өзірленді.

*Суретті түсірген: В.Фадеев*